



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2024 жылғы 29 наурыздағы № ДС-145 сауалға

Құрметті депутаттар!

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Премьер-Министр қызметіне кіріскен сәттен бастап мен уәкілетті органдардың алдына барлық тауар нарықтарында, оның ішінде өнімсіз делдалдарды жою жолымен тәртіп орнату жөнінде міндет қойдым.

Өздеріңіз білетіндей, электр энергиясы нарығында энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың (бұдан әрі – ЭЖҰ) екі түрі қызмет атқарды: реттелетін және реттелмейтін.

«Прокладка» деп аталатындарды жою мақсатында биылғы 1 сәуірден бастап реттелмейтін ЭЖҰ лицензиялары тоқтатылды және электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы шарттары бұзылды.

Барлық салалардағы өнімсіз делдалдарды жою жұмыстары «Жылу энергетикасы туралы» жаңа Заң аясында да жалғасатын болады.

Бүгінгі таңда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына бастама жасаған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Үкіметтің қорытындысы шеңберінде энергия беруші ірі ұйымдарға жабдықтау жөніндегі функцияларды беруді қамтамасыз ету мақсатында бөлшек сауда нарығын реформалау бойынша жұмыс жүргізілуде, содан кейін электрмен жабдықтау саласын өңірлік электр желілері компанияларына беру қарастырылатын болады.

Осы шараларды қабылдау заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдар үшін тарифті төмендетуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде халық үшін түпкілікті өнім бағасының тең шарттары мен төмендеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ үнемделген қаражатты әлеуметтік маңызы бар жобаларға жұмсауға мүмкіндік береді.

О. Бектенов

✉: Д. Мейрманов

☎: 74-53-40



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-145 от 29 марта 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно деятельности энергоснабжающих организаций, сообщаю следующее.

С момента вступления в должность Премьер-Министра мною перед уполномоченными органами поставлена задача по наведению порядка на всех товарных рынках, в том числе путем устранения непродуктивных посредников.

Как известно, на рынке электрической энергии осуществляли деятельность два вида энергоснабжающих организаций (*далее – ЭСО*): регулируемые и нерегулируемые.

В целях устранения так называемых «прокладок» с 1 апреля текущего года были приостановлены лицензии нерегулируемых ЭСО и расторгнуты договоры на оптовом рынке электрической энергии.

Работа по искоренению непродуктивных посредников во всех сферах будет продолжена, в том числе в рамках нового Закона «О теплоэнергетике».

На сегодня в рамках заключения Правительства на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан, инициированные в проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам теплоэнергетики и электроэнергетики», проводится работа по реформированию розничного рынка, после которой будет осуществлена передача сферы электроснабжения региональным электросетевым компаниям.

Принятие данных мер позволит снизить тариф для юридических лиц и бюджетных организаций, что в свою очередь обеспечит равные условия и снижение цены конечной продукции для населения, а также направить сэкономленные средства на социально значимые проекты.

О. Бектенов

30.04.2024 Копия электронного документа.

✍: Д. Мейрманов

☎: 74-53-40